

ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды даярлау ерекшеліктері»



«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды даярлау ерекшеліктері»

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Нарық жағдайындағы оқытушыға қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енгуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы оқытушы оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымның ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Арнайы пәндер оқытушысы: Жылкайдарова Г.Б.



БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ- КЕШЕНДІ МІНДЕТ

Зерттеушілер соңғы онжылдықта бәсекеге қабілетті маманның педагогикалық проблема ретінде қалыптасуы туралы айта бастады. Маманның бәсекеге қабілеттілігі ұғымы ғылымда жеткіліксіз дамыған, оның себебі-елдің тарихи және саяси дамуының ерекшеліктері. Қоғамның тарихи дамуының әр кезеңінде мамандарды даярлауға уақыттың ерекшеліктерін көрсететін талаптар қойылды. Өмірдің барлық салаларында (соның ішінде білім беруде) нарықтық қатынастардың пайда болуымен, "бәсекелестік" тән, түлекті дайындауға қойылатын талаптар өзгерді. Нарықтық қатынастарға бейімделу және білім беру қызметтері саласындағы қатаң бәсекелестік жағдайында жоғары оқу орындарының алдында оқыту сапасы еңбек нарығындағы тұтынушыларды қанағаттандыратын мамандар шығару міндеті тұрды. Еңбек қызметін жаңа бастаған (бәсекелестік жағдайына түсетін) жастардың маңызды сипаты бәсекеге қабілеттілік болып табылады. Сондықтан "бәсекеге қабілеттілік " жоғары оқу орнында студенттердің мақсатты қалыптасуы мен дамуының тақырыбына айналады және осы процестің нәтижесі бәсекеге қабілетті маман болып табылады. Маманның бәсекеге қабілеттілігі ұғымының психологиялық-педагогикалық мәнін анықтау үшін біз келесі дәйектілікті таңдадық: философиялық, социологиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастар тұрғысынан "бәсекелестік", "бәсекеге қабілеттілік", "бәсекеге қабілетті тұлға", "бәсекеге қабілетті маман" ұғымдарын ашу, бәсекеге қабілетті маманның маңызды жеке және кәсіби қасиеттерін анықтау, маманның бәсекеге қабілеттілігін анықтау. Бәсекеге қабілетті маман - бұл кәсіби міндеттердің үлкен класын шешу әдістерін меңгеру арқылы әртүрлі, тез өзгеретін жағдайларда қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатын маман.

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту өзінің алдына басты мақсат қояды: білім беру бағдарламасын жаңарту мәнмәтінінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу. Бұл бағдарлама Д.Брунердің танымдық теориясына негізделген білім берудің спиральды формасын дамытуға негізделген. Оқытудың спиральды формасы бүкіл оқу барысында күрделене түсетін материалды қайта қарау дәстүрлі оқыту формаларына қарағанда қазіргі оқушының дамуында үлкен артықшылық береді деп болжайды. Сондай-ақ қазақстандық оқушыларды дамыту оқытудың белсенді нысандарын енгізу арқылы жүргізілетін болады, олардың барысында оқушылар функционалдық сауаттылықты өз бетінше дамытып, білімін белсенді түрде "алады", құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға үлкен ықыласпен және проблемаларды шешуге шығармашылықпен қарайды деп болжанады. Жаңартылған бағдарламаны қолдану барысында мұғалімдердің міндеті-оқушыларға негізгі адами нормалар мен моральдарды сіңіру, толерантылық пен басқа мәдениеттер мен көзқарастарға құрмет қалыптастыру, жауапты, дені сау баланы тәрбиелеу..

Қолданбалы информатика оқытушысы Бурабайева А. А.

Пайдалану-экономикалық
пәндерінің бірлестігі